

Капитал нарығы

Айлық шолу

2024 жылғы қаңтар

МАЗМҰНЫ

1

ҚЫСҚА ШОЛУ

АХҚО БИРЖАСЫ

- Бөлшек инвесторлар және сауда мүшелері
- AIX QAZAQ Index
- Жалпы шолу
- Акциялар нарығы
- Борыштық бағалы қағаздар нарығы

2



ҚЫСҚА ШОЛУ

2024 жылғы қаңтарда АХҚО биржасы бөлшек инвесторлар саны және бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша 2023 жылғы қаңтардағы көрсеткіштерден асып түсіп, айтарлықтай өсім көрсетті.

БӨЛШЕК ИНВЕТОРЛАР

АХҚО биржасындағы бөлшек инвесторлар саны 1,66 млн-ға жетті

+80,9
МЫҢ

+209%

2023 жылдың қаңтарымен салыстырғанда

САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

2024 жылғы қаңтарда АХҚО биржасындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2023 жылғы ұқсас кезеңдегі көрсеткіштерден 62%-ға асып түсті (2024 жылғы қаңтарда \$44 млн; 2023 жылғы қаңтарда \$27 млн).

\$44
МЛН

\$25 млн

Акциялармен сауда-саттық көлемі (2023 жылғы қаңтармен салыстырғанда +170%)

\$19 млн

Борыштық бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі (2023 жылғы қаңтармен салыстырғанда +6%)

ASTANA INTERNATIONAL EXCHANGE

Astana International Exchange (АХҚО Биржасы) 2017 жылы «Астана» халықаралық қаржы орталығын (АХҚО) дамыту аясында құрылған.

АКЦИОНЕРЛЕР

- АХҚО әкімшілігі
- Шанхай қор биржасы
- Жібек жолы қоры
- NASDAQ

ӨНІМДЕР

- Акциялар
(IPO/SPO, Pre-IPO, аймақтық акциялар нарығының сегменті, Junior Mining, «Белдеу және Жол» сегменті)
- Борыштық құралдар
(мемлекеттік облигациялар, жеке орналастырулар (exempt/wholesale), исламдық және жасыл облигациялар)
- Құрылымдалған өнімдер (ETF, ETN)

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР


- Шетелдік инвесторларға жақсы таныс әрі түсінікті реттеуші режим
- Әлемдік деңгейдегі инфрақұрылым
- NASDAQ жоғары технологиялық сауда платформасы

БӨЛШЕК ИНВЕТОРЛАР ЖӘНЕ САУДА МҮШЕЛЕРІ

2024 жылғы қаңтарда бөлшек инвесторлар өткен жылдың осы айымен салыстырғанда шоттарды 209%-ға артық ашты (2024 жылғы қаңтарда +80,9 мың; 2023 жылғы қаңтарда +26,2 мың). АХҚО биржасының сауда мүшелерінің саны өзгеріссіз қалды.



Бөлшек инвесторлар – басқа тұлғалардың ұйымдарының өкілдерінен немесе қаражаттарын басқарушылардан айырмашылығы, қаржы нарықтарында өз қаражаттарын инвестициялайтын жеке тұлғалар.



АХҚО биржасының сауда мүшелері АХҚО биржасында қаржы құралдармен (акциялармен, облигациялармен) сауда жасауға құқылы. Олар өз клиенттерінің атынан мәмілелер жасайды.

AIX QAZAQ INDEX


2021 жылы іске қосылған AIX Qazaq Index (AIXQI индексі) қазақстандық және Қазақстанмен байланысты компаниялардың акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттарынан (GDR) тұратын нарықтық капиталдандыру бойынша өлшенген индекс болып табылады. 2024 жылдың қаңтарында индекс мәнінің шамалы төмендеуі байқалды.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ МӘНІ



Индекстің мәні қаржы нарықтарының жағдайын бағалаудың негізгі көрсеткіші болып табылады.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ



Индекске енгізілген компаниялар – бұл бизнестен түсетін кірістері ішінара немесе толығымен Қазақстанда пайда болатын Қазақстанда тіркелген компаниялар немесе Қазақстанда операциялық қызметтерінің елеулі үлесі бар компаниялар.

*2024 жылғы қаңтардағы акциялар құнының өзгеруі

ЖАЛПЫ ШОЛУ

АХҚО биржасындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2024 жылғы қаңтарда 2023 жылғы қаңтардың мәнінен 63%-ға асып түсті (2024 жылғы қаңтарда \$44 млн болса, 2023 жылғы қаңтарда \$27 млн болды). Нарықтық капиталдандыру шамалы төмендеді (0,1%-ға \$62,6 млрд. долларға дейін).


САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

\$44 млн

2024 г. жылғы қаңтардағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі

+62%

2023 жылдың қаңтарымен салыстырғанда



Сауда-саттықтың жиынтық көлемі – бұл қор биржасында сатылатын барлық акциялардың сомасы. Әдетте, сауда-саттық көлемінің жоғары деңгейі жоғары өтімділікті көрсетеді, бұл инвесторларға акцияларды сатып алуды немесе сатуды жеңілдетеді.


НАРЫҚТЫҚ КАПИТАЛДАНДЫРУ

\$62,6 млрд

Нарықтық капиталдандыру

-0,1%

2024 ж. қаңтарда өсім



Биржаның нарықтық капиталдандырылуы қор биржасында сатылатын акциялар нарығының жалпы құны мен көлеміне шолуды білдіреді.


АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2024 жылғы қаңтарда АХҚО биржасында жаңа эмитенттер мен акциялар листингтерінің болмауына қарамастан сауда белсенділігінің айтарлықтай өсуі байқалды. Акциялардың сауда-саттық көлемі \$25 миллионға жетті, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі сауда-саттық көлемінен 170%-ға көп (\$9 миллион).

ЛИСТИНГТЕР МЕН ЭМИТЕНТТЕР

19

Листингтердің жалпы саны




САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ

\$25 млн

2024 ж. қаңтардағы акциялар саудасының көлемі

+170%

2023 ж. қаңтармен салыстырғанда




Биржада орналастырылған компаниялардың (эмитенттердің) және листингтердің көбеюі, әдетте, нарықтың өтімділігін арттырады, бұл инвесторларға құнды мейілінше жоғалтпай акцияларды сатып алуға және сатуға мүмкіндік береді.

Акциялардың сауда-саттық көлемі – бұл белгілі бір уақыт аралығында қор биржасында сатып алынған және сатылған компания акцияларының жалпы саны.


2024 ж. ҚАҢТАРДАҒЫ ТОП-5 АКЦИЯ

ҚҰН ӨСІМІ ЕҢ ЖОҒАРЫ ҮЗДІК 5 АКЦИЯ


ROS AGRO




FIX PRICE GROUP




Банк ЦентрКредит



ҚазМұнайГаз




Ozon Holdings




ЕҢ КӨП САТЫЛАТЫН 5 АКЦИЯ *


Polymetal International



Қазатомөнеркәсіп



ҚазМұнайГаз



Kaspi.kz



Halyk Bank




* Сауда-саттықтың жалпы көлемінің үлесі (акциялар + GDR)

БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2024 жылдың қаңтарында борыштық бағалы қағаздар листингтері мен эмитенттер санының айтарлықтай өсуі тіркелді. АХҚО биржасында борыштық құралдармен сауда-саттық көлемі \$19 млн-ға жетті, бұл \$18 млн құраған өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі сауда-саттық көлемінен 6%-ға артық.

ЛИСТИНГТЕР МЕН ЭМИТЕНТТЕР



Қол жетімді борыштық бағалы қағаздардың мол болуы инвесторларға инвестициялардың кең таңдауын ұсынады.

САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ



Борыштық қағаздармен сауда-саттық көлемі-белгілі бір кезең ішінде қаржы нарықтарында сатып алынатын және сатылатын борыштық бағалы қағаздардың жалпы сомасы.

ТАРТЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ КАПИТАЛ

АХҚО биржасында тартылған борыштық капитал көлемі \$8 млн-ға ұлғайып, \$4,2 млрд-қа жетті.



Борыштық капитал – бұл компаниялар инвесторлар үшін облигациялардың әртүрлі түрлерін шығару арқылы тартатын қаражат.



Салалар бойынша бөлініс белгілі бір салалардың тартылған борыштық капиталдың жалпы көлемінен қанша үлесін алатынын көрсетеді.

ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТАРТУ

Бұл ақпарат инвестициялық ұсыныс емес.

Осы материалдағы деректер жарияланған сәтте рас болып саналады, алайда біз оған кепілдік бермейміз.

Материалда берілген тұжырымдар мен қорытындылар бастапқы және қайталама көздерден адал жиналған және АХҚО олардың дәлдігіне әрқашан кепілдік бере алмайтын ақпаратқа негізделгенін назарға алыңыз.

Осы материалда баяндалған тұжырымдар, түсіндірулер мен қорытындылар міндетті түрде АХҚО әкімшілігінің ұстанымын білдірмейді. Берілген ақпарат тек жалпы танысуға арналған.

АХҚО әкімшілігі осы материалды өз мақсатыңызға пайдалану үшін оның нақты немесе болжамды құзыреттілігі, растығы, сенімділігі немесе жарамдылығы туралы ешқандай мәлімдеме жасамайды және сондай екеніне ешқандай кепілдік бермейді.

ЕСЕП АВТОРЛАРЫ

АХҚО әкімшілігі

- Келбетов Данияр
Өнімдерді дамыту жөніндегі басқарушы директор
- Бектұров Альтаир
Деректер аналитикасы департаментінің директоры
- Қарымсақов Тимур
Деректер аналитикасы департаментінің бас менеджері

АХҚО Биржасы

- Әбілқасым Бахтияр
Есептілік департаментінің менеджері

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- Сайт: www.aifc.kz
- АХҚО Биржасы: Markets@aifc.kz
- Сауалдар: DataAnalytics@aifc.kz

